

## **Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарын айқындау туралы**

### ***Күшін жойған***

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 мамырдағы № 40-V шешімі. Атырау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 1 маусымда № 4-8-223 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі № 193-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің  
16.07.2013 № 193-V шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес және аудан әкімінің 2012 жылғы 3 мамырдағы № 1/1065 ұсынысы негізінде Құрманғазы аудандық мәслихаты

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Е Д І :**

1. Әлеуметтік көмек тағайындауға және төлемге құқығы бар ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттары айқындалсын:

- 1) жалғыз басты мүгедектер;
- 2) жоғарғы және арнаулы оқу орындарының күндізгі бөлімдерінде ақылы түрде оқитын тұл жетім студенттер;
- 3) кәмелет жасқа толмаған тұл жетімдер;
- 4) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардағы 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

5) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардағы ең аз мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер;

6) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардағы "Құрманғазы ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар;

7) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен

күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардағы " Құрманғазы ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сол кезде есебінде тұрған жұмыссыздар қайтыс болған жағдайда оларды жерлейтін тұлғалар;

8) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардан қысылтаян , төтенше жағдайларға тап болған (өрт, бір айдан ұзаққа созылған ауру) тұлғалар;

9) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардың күндізгі бөлімдерінде ақылы түрде оқитын студенттер;

10) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардан 1 жасқа дейінгі жасанды тамақтандырылатын балалары бар тұлғалар;

11) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардан Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасымен емделуге, тексерілуге жіберілген тұлғалар .

2. Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын .

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, жастар саясаты, заңдылық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс IV сессиясының төрағасы: Б. Кенжебаев

Аудандық мәслихат хатшысы: Р. Сұлтанияев

Құрманғазы аудандық мәслихатының  
2012 жылғы 8 мамырдағы № 40 - V  
"Ауданның мұқтаж азаматтарының  
жекелеген санаттарын айқындау  
туралы" шешіміне қосымша

**Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі**

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) алушының заңды өкілі өтініші жасаған кезде оның заңды өкіл екенін растайтын құжатпен бірге оның жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 4) алушының салық төлеуші куәлігі көшірмесі;
- 5) алушының әлеуметтік жеке код беру туралы куәлігі көшірмесі;
- 6) алушының Құрманғазы аудандық пошта байланыс бөлімшесінен ашылған жеке есеп-шоты кітапшасының көшірмесі;
- 7) алушының отбасы құрамын және тұрғылықты жерін анықтайтын селолық округ әкімдігінен берілген анықтама;
- 8) ауылдық, селолық әкімі жанындағы учаскелік комиссиямен ұсынылған отбасының әлеуметтік, материалды-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі;
- 9) осы шешімнің 1-тармағында айқындалған жеке тұлғалардың санатын анықтайтын құжат.